

## Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданы әкімінің 2025 жылғы 14 мамырдағы № 11 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1 - тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 және 50-баптарына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыйыптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына сәйкес, Габит Мұсірепов атындағы ауданының төтенше жағдайларының алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиясының 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 5 хаттамасының негізінде ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Габит Мұсірепов атындағы аудан әкімінің орынбасары Е.Қ. Аманжолов төтенше жағдайды жою басшысы болып тағайындалсын.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы аудан әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы шешімді Габит Мұсірепов атындағы аудан әкімдігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 29 сәуірде туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов  
атындағы аудан әкімі

P. Аңбаев